ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНЫҢ
ӘКІМДІГІ

АКИМАТ
ГОРОДА ШЫМКЕНТ

ҚАУЛЫ

2025 жылғы 26 ақпан

Шымкент қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 761

город Шымкент

Сауда-саттыққа (аукциондарға) шығарылатын жер учаскелерінің тізбесін қалыптастыру және бекіту туралы

Қазақстан Республикасы
Шымкент қаласы әкімінің аппараты
КӨШІРМЕСІ ДҰРЫС

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер Кодексіне, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2021 жылғы 15 қазандағы №297 бұйрығымен бекітілгенЖер учаскелерін немесе жер учаскелерін жалдау құқығын сату жөніндегі сауда-саттықты (аукциондарды) мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында электрондық түрде ұйымдастыру мен өткізу қағидаларына сәйкес, және Шымкент қаласының Бас жоспары негізінде, Шымкент қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1.Осы қаулының қосымшасына сәйкес сауда-саттықта (аукциондарға) шығарылатын жер учаскелерінің тізбесі қалыптастырылсын.

2. «Шымкент қаласының сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осы қаулыдан туындайтын барлық шаралардың қабылдануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын Шымкент қаласының жер қатынастары басқармасы басшысының м.у.а. Н.Жүнісбековке жүктелсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің бірінші орынбасары Қ.Асыловқа жүктелсін.

Шымкент қаласы әкімі **Ғ. Сыздықбеков**

0021579

Қазақстан Республикасы
Шымкент қаласы әкімінің аппараты
КӨШІРМЕСІ ДҰРЫС

Шымкент қаласы әкімдігінің
2025 жылғы «26» ақпан
№761 қаулысына қосымша

Жер аукционында сауда нысанасы болып табылатын жер учаскелері сондай-ақ, жер учаскелерін жеке меншікке беру құқықтарының

ТІЗІМІ

Лот №	Мекен жайы (орналасу орны)	Алаңы (га)	Нысаналы мақсаты	Табыстау құқығы	Бастапқы құны (теңге)
1	Қаратау ауданы, Тұран-2 шағын ауданы, нөмірсіз	1,6600га	Қонақ үй және спорт кешені құрылысы үшін	Жеке меншік құқығы	66 718 720
2	Абай ауданы, Шымсити шағын ауданы, нөмірсіз	1,2 га	Мектеп құрылысы үшін	Жеке меншік құқығы	48 230 400
3	Әл-Фараби ауданы, Жангелдин көшесі, нөмірсіз	0, 0128 га	Жеңіл құрылым орнату үшін	Жеке меншік құқығы	643 072
4	Қаратау ауданы, Нұрсәт шағын ауданы, №141 үй жанында	0,0787 га	Көп қабатты тұрғын үй құрылысы үшін	Жеке меншің құқығы	3 953 888

0021579